

## №1 ХАТТАМА

«Талдық негізгі орта білім беретін мектебі»

Ата-аналарға арналған кеңес беру пунктінің отырысы

Күні: «16» қыркүйек 2025 жыл

Қатысқандар: Кеңес беру пунктінің жетекшісі А.Қ.Амантаева, мектеп психологы А.С.Арганатова және ата-аналар-2.

### Күн тәртібі:

1. Жаңа 2025-2026 оқу жылындағы кеңес беру пунктінің мақсат-міндеттерімен таныстыру.
2. Ата-аналармен танысу және отбасылық жағдайларды анықтау (сауалнама жүргізу).

### I. Тыңдалды:

Кеңес беру пунктінің жетекшісі А.Қ.Амантаева сөз алып, жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын таныстырды. Ол өз сөзінде биылғы оқу жылындағы басты міндеттерге тоқталды:

1. Ата-аналардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығын арттыру.
2. Мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту.
3. Бала тәрбиесіндегі қиындықтарды бірлесіп шешу жолдарын қарастыру.

### II. Тыңдалды:


Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша мектеп психологы ата-аналармен танысу тренингін өткізіп, «Мен және менің балам» тақырыбында әңгіме жүргізді.

### Жұмыс формасы:

1. Әңгімелесу: Оқу жылының алғашқы күндеріндегі баланың бейімделуі, оқуға деген ынтасын ояту туралы пікір алмасу.
2. Сауалнама: Ата-аналарға арналған арнайы анкеталар таратылды. Онда баланың денсаулығы, қызығушылығы және отбасының әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жинақталды.

### Қабылданған шешімдер:

1. Кеңес беру пунктінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін және жүзеге асырылсын.
2. Ата-аналар тарапынан берілген сауалнама мәліметтері негізінде «Қиындық тудыратын мәселелер картасы» жасалып, алдағы кеңестерде ескерілсін.
3. Мектеп пен ата-ана арасындағы тығыз байланыс орнату мақсатында кеңес беру сағаттары бекітілген кестеге сай жүргізілсін.

Кеңес беру пунктінің жетекшісі  А.Қ.Амантаева

Қолы

Хатшы:  Ж.С.Брешова

Қолы

## №2 ХАТТАМА

«Талдық негізгі орта білім беретін мектебі»

Ата-аналарға арналған кеңес беру пунктінің отырысы

Күні: «13» 10. 2025 жыл

Қатысқандар: Кеңес беру пунктінің жетекшісі, мектеп психологі және ата-аналар.

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. Тақырыптық әңгіме: «Баланы мектепке қалай бейімдейміз?»
2. Мақсаты: Ата-аналарға баланың мектеп ортасына үйренуі кезеңінде психологиялық қолдау көрсету, бейімделу кезеңінің қиындықтары мен оларды жеңу жолдарын түсіндіру.
3. Формасы: Сұрақ-жауап, психологиялық тренинг элементтері бар ашық әңгімелесу.

### ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес беруші мектеп психологі: А.С.Арганатова

Бірінші мәселе бойынша баяндамашы баланың мектеп табалдырығын аттағаннан кейінгі алғашқы айлары оның психологиялық және физиологиялық жағдайына үлкен салмақ түсіретінін атап өтті.

1. Бейімделудің негізгі факторлары: Күн тәртібінің өзгеруі, жаңа орта, мұғаліммен қарым-қатынас және оқу жүктемесі.
2. Симптомдар: Баланың тез шаршауы, ұйқысының бұзылуы немесе мектепке барғысы келмеуі — бұл қалыпты бейімделу процесінің белгілері болуы мүмкін екендігі айтылды.

### ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕСТЕР:

Ата-аналарға төмендегідей нақты бағыттар ұсынылды:

1. Эмоционалды қолдау: Баланы жетістігі үшін мақтап, сәтсіздігі үшін ұрыспау.
2. Күн тәртібі: Ұйқы мен демалыс уақытын қатаң сақтау.
3. Тыңдай білу: Баланың мектептегі күні туралы сұрап, оның сезімдеріне ортақтасу.

### ТАЛҚЫЛАУ:

Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтар:

1. Сұрақ: Бала сабақ орындауға отырғысы келмесе не істеу керек?
2. Жауап: Ойын түріндегі тапсырмалар арқылы қызығушылығын ояту және алғашқы уақытта жанында бірге отырып, көмек көрсету қажеттігі айтылды.

### ШЕШІМ:

1. Ата-аналарға баланың бейімделу кезеңін жеңілдету үшін берілген психологиялық ұсынымдарды күнделікті өмірде қолдану тапсырылсын.
2. Мектеп психологі мен сынып жетекшісі бақылауындағы «қиын» бейімделетін балалармен жеке жұмыс жүргізілсін.
3. Ата-аналарға арналған «Балаңызға көмектесіңіз» атты жадынамалар таратылсын.

Кеңес беру пунктінің жетекшісі  А.Қ.Амантаева

Қолы

Хатшы:  Ж.С.Брешова

Қолы

## №3 ХАТТАМА

«Талдық негізгі орта білім беретін мектебі»

Ата-аналарға арналған кеңес беру пункті

Күні: «18» «11» 2025 жыл

Өткізілген орны: Акт залы

Қатысқандар: Кеңес беру пунктінің жетекшісі, мұғалімдер, ата-аналар.

### Күн тәртібі:

1. Ашық сабақ: «Менің отбасым».
2. Мақсаты: Ата-аналарды білім үрдісіне тарту, мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту.
3. Формасы: Тәжірибелік сабақ, пікір алмасу.

### I. Тыңдалды:

Кеңес беру пунктінің жетекшісі А.Қ.Амантаева сөз алып, бүгінгі ашық сабақтың маңыздылығына тоқталды. Ол бала тәрбиесіндегі мектеп пен ата-ананың бірлескен жұмысы оқушының тұлғалық дамуына тікелей әсер ететінін атап өтті.

«Менің отбасым» тақырыбындағы ашық сабақ барысында келесі мәселелер қозғалды:

1. Баланың мектептегі оқу үрдісіне ата-ананың қызығушылығын арттыру.
2. Отбасылық құндылықтарды дәріптеу арқылы баланың психологиялық жайлылығын қамтамасыз ету.
3. Ата-аналардың сабаққа қатысуы арқылы оқыту әдістемесімен танысуы.

### II. Талқылау:

Ата-аналар сөз алып, балаларының сабақ үлгерімі мен мектептегі іс-шараларға қатысуы туралы өз ойларын білдірді. Олар мұндай ашық сабақтардың жиі өтуі ата-ана мен мұғалім арасындағы сенімді нығайтатынын айтты.

### III. Шешім:

1. Ата-аналарды білім беру үрдісіне тарту мақсатында өткізілген «Менің отбасым» ашық сабағының нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Ата-аналарға баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және оқуға деген ынтасын арттыру бойынша тұрақты түрде кеңестер беріліп тұрсын.
3. Мектеп пен ата-ана арасындағы кері байланысты күшейту мақсатында цифрлық платформалар мен жеке кездесулер мүмкіндігі кеңінен пайдаланылсын.

Кеңес беру пунктінің жетекшісі  А.Қ.Амантаева

Қолы

Хатшы:  Ж.С.Брешова

Қолы

## №4 ХАТТАМА

«Талдық негізгі орта білім беретін мектебі»

Ата-аналарға арналған кеңес беру пункті

Күні: «22» 12. 2025 жыл

Өткізілетін орны: Мектеп акт залы

Қатысқандар: Кеңес беру пунктінің жетекшісі, педагог-психолог және ата-аналар.

### Күн тәртібі:

1. «Жаңа жылға дайындық» тақырыбындағы ата-аналар мен балаларға арналған бірлескен шеберлік сағаты.

### I. ТАЛҚЫЛАУ:

Кеңес беру пунктінің жетекшісі А.Қ.Амантаева:

Кездесуді аша отырып, Жаңа жыл мерекесі қарсаңында отбасылық құндылықтарды нығайту мен баланың шығармашылық әлеуетін арттырудың маңыздылығына тоқталды.

Мерекелік көңіл-күй сыйлау тек сыртқы безендіру емес, ол — ата-ана мен баланың бірлесе жұмыс істеуі арқылы келетін рухани жақындық екенін атап өтті.

### Іс-шараның мақсаты:

1. Ата-аналар мен балалар арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

2. Шығармашылық қабілеттерді дамыту және қолөнер арқылы эстетикалық тәрбие беру.

3. Бірлескен жұмыс барысында жағымды психологиялық ахуал орнату.

Формасы: Шығармашылық, ынтымақтастықты дамыту бағытындағы практикалық шеберлік сағаты.

### II. ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМ:

Шеберлік сағаты барысында ата-аналар мен оқушылар келесі жұмыстарды атқарды:

1. «Сикырлы қолдар»: Түрлі-түсті қағаздар мен қолжетімді материалдардан (фетр, моншақтар, табиғи материалдар) Жаңа жылдық ойыншықтар мен безендіру бұйымдарын жасау.

2. Ынтымақтастық сәті: Ата-аналар мен балалар жұптасып, мерекелік открыткалар дайындап, бір-біріне тілектер айтты.

3. Психологиялық тренинг: «Біз бірге болғанда күштіміз» тақырыбында қысқаша ойындар өткізіліп, отбасылық қарым-қатынастың маңызы талқыланды.

### III. ШЕШІМ:

1. Ата-аналар мен балалардың қатысуымен өткен «Жаңа жылға дайындық» шеберлік сағаты «өте жақсы» деңгейде өтті деп есептелсін.

2. Шығармашылық жұмыстар арқылы ата-аналарға баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бойынша практикалық кеңестер берілсін.

3. Жасалған бұйымдар мектеп дәлізін немесе сынып бұрыштарын безендіруге және мектеп ішілік көрмеге қоюға ұсынылсын.

4. Ата-аналарға үйде де осындай бірлескен шығармашылық кештерді дәстүрге айналдыру ұсынылсын.

Кеңес беру пунктінің жетекшісі  А.Қ.Амантаева

Қолы

Хатшы:  Ж.С.Брешова

Қолы